

«Қ.И.Сатпаев атындағы негізгі орта мектебі» КММ

қамқоршылық кеңесінің №1 отырысының хаттамасы

12.08.2020ж.

Шеңгелді ауылы

**Жиналыс мақсаты:** Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау, қамқоршылық кеңесінің мақсаты, бағыттары, функцияларымен таныстыру.

**Қатысушылар:**

1. Иманбаева Ж- ауыл тұрғыны;
2. Игилик Б- ауыл тұрғыны;
3. Көпірбаев Ж- зейнеткер;
4. Ажикенов М –кәсіпкер;
5. Ибраев Е – Ауған соғысының ардагері;
6. Тоқтаубаев М – ауылдық маслихат депутаты;
7. Бақытханұлы Е –заң қызметкері;
8. Шыңғысбекқызы А- әкімшілік қызметкері;
9. Қасымбаева Б - зейнеткер;

**Күн тәртібінде:**

1. Қамқоршылық Кеңесінің төрағасын сайлау
2. Қамқоршылық кеңесінің мақсаты, бағыттары, функцияларымен таныстыру.

**Тыңдалды:**

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кишанов Медет (қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеті туралы таныстырып өтті.) қамқоршылық кеңестің мақсаты: білім беру ұйымына қолдау көрсету, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық-техникалық базасының нығайуына септесу, сондай-ақ, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу екенін айтты. Қамқоршылық кеңесі жұмысының бағыттарымен функцияларымен де таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесінің бағыттары: білім беру, әлеуметтік - мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс-шараларға көмек көрсету. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларымен мен жұмыспен қамтылуын жақсарту. Білім беру ұйымдарының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу мен білім беру ұйымы басшылығының қамқорлық кеңесі алдындағы есебін тыңдап қабылдау керектігі туралы айтты.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ж.Иманбаева Қамқоршылық Кеңесінің төрағасын сайлау қажеттілігі туралы айтып өтті

Копирбаев Ж: Қасымбаева Бағжамал үнемі мектеппен байланыс жасап тұратындығын айтып, төрайымы болып сайлауына ұсыныс жасады.


Сөйледі: Мектеп басшысы Кудайбергенова Б.К кеңес құрамының жұмысын бастауына сәттілік тілей отырып, осы мүшелердің мектеппен үнемі тығыз байланыста болуына, спонсорлардың мектептің материалдық базасының нығайуына өз үлестерін қосатынына сенім білдірді.


**Қабылданған шешім:**

«Қ.И.Сатпаев атындағы негізгі орта мектебі» КММ жанынан құрылған Қамқоршылық Кеңесінің төрайымы болып Қасымбаева Бағжамал сайлансын.

Қамқоршылық кеңестің жұмысын одан әрі жандандыру, қайырымдылық жұмыстарын жүргізу алға қойылсын.

Мектептің материалдық базасының нығайуына үлес қосу, оның қызметіне бақылау жүргізу қамқорлық кеңесінің мүшелеріне жүктелсін.

Кеңес төрайымы:  Б.Қасымбаева

Хатшы:  Н.Қайранова